



010000, Астана қаласы, Есіл ауданы,  
Түркістан көшесі, 10/1 үй,  
тел.: 8 (7172) 576583  
e-mail:shl\_76\_astana@inbox.ru

010000, город Астана, район Есиль,  
улица Түркістан, дом 10/1,  
тел.: 8 (7172) 576583  
e-mail: shl\_76\_astana@inbox.ru

**БҰЙРЫҚ № 345**

« 09 » 10 2023 ж.

**Орта білім беру ұйымдарында  
2023-2024 оқу жылының басталу  
және аяқталу мерзімдерін,  
сондай-ақ білім алушыларды қорытынды  
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрығы, «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 9 қазандағы №2098 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 - 2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:
  - 1.1.2023-2024 оқу жылы 1-11 сыныптарда 2022 жылдың 1 қыркүйегінен басталсын.
  - 1.2.1-11 сыныптарға сынып жетекшілер мен оқу кабинеттері тағайындалып, 5-11 сыныптар кабинеттік жүйеде оқытылсын.
  - 1.3.Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасы. Мереке күндеріне сәйкес келген сабақ тақырыптары оқу мақсаттары мен оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп, келесі жұмыс күндеріне ауыстырылсын.
    - 1.1. Оқу жылы ішіндегі тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
      - 1-11 (12) – сыныптарда:1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда); 2-тоқсан- 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда); 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында); 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.
2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай кезеңдері бекітілсін:

- 9(10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында:
- 1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс(мақала,әңгіме,эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;
  - 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;
  - 3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс,мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;
  - 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет ( оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;
- 11(12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында:
- 1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан - 2024 жылғы 28 мамыр;
  - 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2024 жылғы 31 мамыр;
  - 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;
  - 4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - 2024 жылғы 7 маусым;
  - 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет ( оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым;
3. Санитарлық талаптардың сақталуын, кабинеттердің желдетілуі, кабинеттерде тазалық жұмысының уақытылы және сапалы жүруін қадағалау директордың шаруашылық жұмыстар бойынша орынбасары Л. Углимановаға жүктелсін.
  4. Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес сабақ және қоңырау кестесі бекітілсін. Сабақ және қоңырау кестесін құрастыру директордың орынбасарлары Г.Кулшымановаға, Д.Касимоваға, М.Турашеваға жүктелсін.
  5. Мектеп-лицейінің оқу жұмыс жоспары бекітілсін. Оқу жұмыс жоспарының іске асырылуын қамтамасыз ету директордың орынбасарлары Г.Кулшымановаға, Д.Касимоваға, М.Турашеваға жүктелсін.
  6. Мектеп-лицейдің жылдық оқу-тәрбие жоспары бекітілсін. Жылдық оқу жоспарының іске асырылуын қамтамасыз ету директордың орынбасары Ш.Ташеноваға жүктелсін.
  7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Б.Сейдеш